

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1386 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 682 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 729 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2016 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1386 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 50, 575-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы туралы ережеде:

4-тармақтың 3) тармақшасындағы "жүзеге асырады" деген сөздерден кейін ", соның ішінде қоса беріліп отырған Мемлекеттік бағалы қағаздардың және өзге де өтімді қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес мерзімді депозиттерге тартылатын жеке тұлғалардың салымдарын мемлекеттік бағалы қағаздарға және өзге де өтімді қаржы құралдарына орналастырады" деген сөздермен толықтырылсын; осы қаулыға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 21 маусымдағы  
N 682 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық почта операторы  
туралы ережеге қосымша

## Мемлекеттік бағалы қағаздардың және өзге де өтімді қаржы құралдарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылғандарды қоса алғанда), Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарынан басқа.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, сондай-ақ орналастыру күні бағалы қағаздары сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне ең жоғары санат бойынша енгізілген екінші деңгейдегі банктердегі және/немесе резидент емес бас банктің "A" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттіктің жіктемесі бойынша) санаттарынан төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтинг бар, еншілес резидент-банктегі салымдар.

3. "AA"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Aa"-дан ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттіктің жіктемесі бойынша) төмен емес баға алған шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары.

4. Мынадай халықаралық қаржылық ұйымдар шығарған бағалы қағаздар:

Халықаралық қайта құру және даму банкі;

Еуропа қайта құру және даму банкі;

Америкааралық даму банкі;

Халықаралық есеп айырысу банкі;

Азия даму банкі;

Африка даму банкі;

Халықаралық қаржы корпорациясы (The International Finance Corporation);

Ислам даму банкі;

Еуропа инвестициялық банкі.

5. Кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "AA"-дан төмен емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" жіктемесі бойынша) немесе "Aa2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" жіктемесі бойынша) рейтингтік баға алған шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары.

6. Агенттік облигациялар, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне ең жоғары санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары.

7. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне ең жоғары санат

бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының өзге де мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК